

Дәрілік заттарды № 39 ерекше сатып алудың қорытындысы туралы хаттама

Нұр-Сұлтан қ.
Достық к-сі, 13/3 үй

18 қараша 2020 жыл

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 29 шілдедегі №12-01-5/4416-И, 2020 жылғы 04 тамыздағы №12-01-5/4619-И, 2020 жылғы 12 тамыздағы №12-1-12/5011-И, 2020 жылғы 19 қазандағы №01-1-16/7710-И тапсырмалары негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 19-тарауына және «Дәрілік заттарды ерекше сатып алу туралы» «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасының 2020 жылғы 13 қарашадағы № 12-2/425 бұйрығына сәйкес, комиссия құрамы:

1. Искалиев Е.С. – Басқарма төрағасы, комиссия төрағасы;
2. Салиев А.С. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі, комиссия төрағасының орынбасары;
3. Сақ Н.И. – кеңесші;
4. Қансұлтан Н.Ғ. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
5. Омарова Г.А. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
6. Калмагамбетова А.Т. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
7. Альжанов Б.Т. – қауіпсіздік қызметтің бастығы;
8. Ербатыр Е.Е. – сатып алу басқармасының бастығы;
9. Коскельдинова А.К. – құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы,

дәрілік заттарды ерекше сатып алуға қатысу үшін 2020 жылғы 17 қараша сағат 11.00-ге дейін комиссия хатшысының электрондық поштасына келіп түскен өтінімдерді қарап, **АНЫҚТАДЫ:**

1. 2020 жылғы 13 қарашада «СҚ-Фармация» ЖШС www.sk-pharmacy.kz интернет-ресурсында инфекциялық аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алуға, төтенше жағдайларды болдырмауға және олардың салдарын жою мақсатында осы хаттамаға 1-қосымшаға сәйкес ерекше сатып алу туралы шақыру орналастырылды.

2. 2020 жылғы 17 қараша сағат 11.00-ге дейін Комиссия хатшысына әлеуетті өнім берушілерден өтінімдер келіп түскен жоқ.

3. Әлеуетті өнім берушілерден өтінімдердің болмауына байланысты комиссия **ШЕШТІ:**

Қағидалардың 262-тармағы 1) тармақшасының негізінде өтінімдердің болмауына байланысты дәрілік заттарды сатып алу өтпеді деп танылсын.

Осы хаттама «СҚ-Фармация» ЖШС-нің интернет-ресурсында жариялануға жатады.

Комиссия төрағасы

Е. Искалиев

Комиссия төрағасының орынбасары

А. Салиев

Комиссия мүшелері:

Н. Сақ

Н. Қансұлтан

Г. Омарова

А. Калмагамбетова

А. Коскельдинова

Б. Альжанов

Е. Ербатыр

Комиссия хатшысы

А. Кайбагарова